Әділет

**Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті есепке алуды жүргізу мен беру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 870 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8281 тіркелді.

"Темір жол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 2-тармағының 29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті есепке алуды жүргізу мен беру бекіту туралы қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (Н.И. Қилыбай):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет ресурсында кейіннен ресми жариялануын және оның МОИП-да орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Р.В. Склярға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *А. Жұмағалиев*

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрінің
2012 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 870 бұйрығымен
бекітілген

**Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті есепке алуды жүргізу мен беру қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті есепке алуды жүргізу мен беру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Темір жол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 29) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) автоматтандырылған жүйе – кәсіпорынның өндірістік қызметін жүзеге асыру шеңберінде технологиялық процестерді басқаруға арналған тағайындалған аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені;

2) бастапқы деректер – есептілікті қалыптастыру кезінде пайдаланылатын бастапқы есепке алу құжаттарының деректері;

3) "Жол ведомосын ықпалдастырып өңдеу" бірыңғай кешені (бұдан әрі – ЖТЫӨ БК ) – жүк жөнелтілімін тасымалдау маршруты бойынша жол жұмысының көлемі есептелетін және соған сәйкес тасымалдау бойынша кіріс үлесі анықталатын жол ведомосын өңдеу үшін жұмыс істейтін автоматтандырылған жүйе;

4) жол жүру құжаты (билет) - жолаушыларды, багажды, жүк-багажды темір жол көлігімен тасымалдау шартын жасасқан кезде ресімделетін тасымалдау құжаты;

5) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы бастапқы есепке алу құжаты (бұдан әрі - бастапқы есепке алу құжаты) – бастапқы мәліметтер кіретін, статистикалық деректерді есепке алу үшін пайдаланылатын құжат, сондай-ақ Қағиданың 5, 6 және 7-тармақтарында аталған құжаттар;

6) "Машинист маршрутын ықпалдастырып өңдеу" автоматтандырылған жүйесі ( бұдан әрі – ММЫӨ АЖ) - машинист маршруты құжаттарының ақпаратын жедел өңдеу және шығатын ақпараттың толық тізбесін қалыптастыру міндетін шешуге арналған автоматтандырылған жүйе;

7) "Тасымалдарды жедел басқару" автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – ТЖБАЖ) – тасымалдау процесі туралы ақпаратты автоматтандырып дайындау және ұсыну үшін арналған автоматтандырылған жүйе;

8) Ұлттық жолаушылар тасымалдаушы – жолаушыларды, багажды, жүк-багажын, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, бүкіл магистральдық теміржол желісінде поездарды қалыптастыру жоспарын іске асыруды, оның ішінде арнайы және әскери тасымалдаулар бойынша қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

9) Ұлттық теміржол компаниясы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, дамудың жалпы бағыттарын айқындайтын және теміржол көлігі саласында қызметін жүзеге асыратын Ұлттық инфрақұрылым операторы, ұлттық тасымалдаушылар және өзге де үлестес заңды тұлғалар қызметінің бағыттарын үйлестіруді қамтамасыз ететін акционерлік қоғам;

10. Ұлттық жүк тасымалдаушы – жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, оның ішінде арнайы және әскери тасымалдауларды орындайтын, бүкіл магистральдық теміржол желісінде поездарды қалыптастыру жоспарын іске асыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

3. Осы Қағида:

1) Ұлттық жолаушылар тасымалдаушының, Ұлттық жүк тасымалдаушының, тасымалдаушының, вагондар (контейнерлер) операторының жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау көрсеткіштері туралы;

2) локомотивтік тартқыш операторының, Ұлттық жолаушылар тасымалдаушының, Ұлттық жүк тасымалдаушының, тасымалдаушының, вагондар (контейнерлер) операторының тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштері туралы есепті жүргізу және есептілікті ұсыну тәртібін белгілейді.

Тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштерін есепке алу, жолаушылар, багаж, жүк-багаж, жүк тасымалдау көрсеткіштерін есепке алу бастапқы есепке алу құжаттарын толтыру және бастапқы деректерді Ұлттық темір жол компаниясының автоматтандырылған жүйелеріне ұсыну арқылы жүргізіледі.

Темір жол көлігінде бірыңғай есепке алу-есеп беру уақыты қолданылады. Халықаралық қатынастағы есепке алу-есеп беру уақыты Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

4. Ұлттық темір жол компаниясы ұсынылған бастапқы деректердің негізінде жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштері туралы есептілікті қалыптастырып, соның негізінде темір жол көлігі саласындағы уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарына, Ұлттық әл-ауқат қорына және Ұлттық темір жол компаниясы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдарға есептілік нысандары мен анықтамалық ақпарат түрінде деректер береді.

## 2-тарау. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштерін есепке алуды жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау туралы көрсеткіштерді есепке алуды жүргізу үшін бастапқы есепке алу құжаттары:

1) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жол жүру құжаты (билет);

2) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЛУ-12 нысанды багаж квитанциясы;

3) осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЛУ-12п нысанды почта вагонының жол жүрісі квитанциясы;

4) осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЛУ-12б нысанды жүк-багаж квитанциясы болып табылады.

Жолаушылар, багаж, жүк-багаж тасымалдау көрсеткіштері туралы бастапқы деректер Ұлттық темір жол компаниясының АБЖ-на толтырылған ЛУ-12, ЛУ-12п, ЛУ-12б нысандарындағы бастапқы есепке алу құжаттарының деректері негізінде ұсынылады.

Жолаушылар, багаж, жүк-багаж тасымалдау көрсеткіштері туралы бастапқы деректер Ұлттық темір жол компаниясының АБЖ-на ұсыну нақты уақыт режимінде автоматтандырылған тәсілмен, сондай-ақ тәулік сайын есеп берілетін уақыт аяқталған соң 2 сағат өткенде автоматтандырылмаған тәсілмен жүзеге асырылады.

Жолаушыларды, багажды, жүк-багажын тасымалдау көрсеткіштерін есепке алған кезде есеп беру уақыты Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 00 сағат 00 минут болып табылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жүктерді тасымалдау туралы көрсеткіштерді есепке алуды жүргізу үшін бастапқы есепке алу құжаттары:

1) "Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша Теміржол көлігімен жүк тасымалдау қағидаларының 16-қосымшасына сәйкес ГУ-29-О нысанды жол ведомосы және жол ведомосының түбіртектері (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13714 тіркелген);

2) осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ГУ-30 және 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ГУ-64 нысандарының жол ведомостары;

3) осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ГУ-38 нысанды вагон қағазы болып табылады.

Жүк тасымалдарының көрсеткіштері туралы бастапқы деректерді Ұлттық темір жол компаниясы ЖТЫӨ БК-ға толтырылған ГУ-29-О, ГУ-30, ГУ-64, ГУ-38 нысандарындағы бастапқы есепке алу құжаттарының деректері негізінде нақты уақыт режимінде автоматтандырылған тәсілмен береді.

Жүк тасымалдау көрсеткіштерін есепке алған кезде есеп беру уақыты Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 20 сағат 00 минут болып табылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.04.2018 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштерін есепке алуды жүргізу үшін бастапқы есепке алу құжаттары:

1) осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ДУ-1Л нысанда жолаушылар поезының анықтама қағазы;

2) осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ДУ-1 нысанды жүк поезының анықтама қағазы;

3) жол жүру құжаты (билет);

4) осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТУ-3 нысанды машинист маршруты (осы Қағидаға қосымша) болып табылады.

Тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдаланудың көрсеткіштері туралы бастапқы деректер Ұлттық темір жол компаниясының ТОБАЖ-на және ЖТЫӨ БК-на нақты уақыт режимінде автоматтандырылған тәсілмен беріледі. ТОБАЖ-ға бастапқы деректер ДУ-1л және ДУ-1, ЖТЫӨ ЕК-ға толтырылған ТУ-3 нысанды бастапқы есепке алу құжаттарының негізінде ұсынылады.

Жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштерін есепке алған кезде Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 20 сағат 00 минут есеп беру уақыты болып табылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Ұлттық жолаушылар тасымалдаушы, Ұлттық жүк тасымалдаушы, тасымалдаушы , локомотивтік тартқыш операторы, вагондар (контейнерлер) операторы есепке алуды жүргізудің дұрыстығын және бастапқы есепке алу құжаттарының уақтылы толтырылуын, сондай-ақ бастапқы деректерді Ұлттық темір жол компаниясының автоматтандырылған жүйелеріне ұсынудың толықтығын, дұрыстығын және уақтылығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

**3-тарау. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті беру тәртібі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Ұлттық темір жол компаниясының автоматтандырылған жүйелеріне Ұлттық жолаушылар тасымалдаушы, Ұлттық жүк тасымалдаушы, тасымалдаушының, вагондар (контейнерлер) операторының берген жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және локомотивтік тартқыш операторы ұсынған жүктерді тасымалдау көрсеткіштері туралы бастапқы деректердің және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштері туралы бастапқы деректердің негізінде Ұлттық темір жол компаниясы жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштері туралы есептілікті автоматтандырылған режимде қалыптастырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

10. Ұлттық темір жол компаниясы автоматтандырылған жүйелерден қалыптастырылған жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштері туралы есептіліктің негізінде есептілік нысандары және анықтамалық ақпарат түрінде деректерді қалыптастырып, оларды темір жол көлігі саласындағы уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарына, Ұлттық әл-ауқат қорына және Ұлттық темір жол компаниясы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдарға береді.

Жолаушыларды, багажды,
жүк-багажды, жүктерді
тасымалдау туралы және тасымалдау
кезінде
жылжымалы құрамды пайдалану
туралы есептілікті
есепке алуды жүргізу мен беру
қағидасына
1-қосымша

| ЦЗХ АБЖ ЖОЛ ЖҮРУ ҚҰЖАТЫ<br>27 ЭКСПРЕСС ПРОЕЗДНОЙ ДОКУМЕНТ СЕРИЯ<br>АСУ | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ПОЕЗД<br>№<br>шифр | ЖӨНЕЛТІЛУ<br>ОТПРАВЛЕНИЕ | | | | ВАГОН<br>№ типі<br>ВАГОН<br>№ тип | БАҒАСЫ<br>теңге<br>ЦЕНА<br>теңге | Адамдар<br>саны<br>Кол-во<br>человек | ҚҰЖАТ<br>ТҮРІ<br>ВИД<br>ДОКУМЕНТА |
| | КҮНІ<br>число | АЙЫ<br>месяц | САҒАТ<br>часы | минут | | билет<br>плацкарт<br>билет<br>плацкарт | | |
| | | | | | | | | |

| |
|---|
| ОБРАЗЕЦ |
| Штрих код |

| |
|---|
| КЗХ АБЖ БАҚЫЛАУ КУПОНЫ<br>27 ЭКСПРЕСС жол жүру үшін жол жүру құжатынсыз жарамсыз СЕРИЯ<br>АСУ КОНТРОЛЬНЫЙ КУПОН<br>без проездного документа для проезда недействителен |
| ОБРАЗЕЦ |
| Штрих код |

| |
|---|
| КЗХ АБЖ КАССИРДІҢ КУПОНЫ<br>27 ЭКСПРЕСС жол жүру үшін жарамсыз СЕРИЯ<br>АСУ КУПОН КАССИРА<br>для проезда недействителен |
| ОБРАЗЕЦ |

Жолаушыларды, багажды,
жүк-багажды, жүктерді
тасымалдау туралы және тасымалдау
кезінде
жылжымалы құрамды пайдалану
туралы есептілікті
есепке алуды жүргізу мен беру
қағидасына
2-қосымша

## ЛУ-12 нысанды багаж квитанциясы

27 КЗХ БАГАЖ
квитанциясы СЕРИЯСЫ
№______ поезд "___" _________20__ж.
Жөнелту стансасы, станса коды ________________________________
____
(айқын мөрқалыбы)

Тағайындалған стансасы, оның коды, жолы _____________________
____
(анық жазу қажет)

________________________________________ арқылы №____
маршрут
(жүру маршрутын көрсету қажет)

Жөнелтуші __________________________________________________
______
(тегі, аты, әкесінің аты және мекен-жайы)

Алушы және оның мекен-жайы _________________________________
______
(тегі, аты, әкесінің аты және мекен-жайы)

Ұсынылған билеттердің № ____________________________________
_____

ЛУ-12

Жарияланған құндылығы ________________________________________
______
(жалпы) (сөзбен)

| Орын саны | Орама түрі | Салмағы | Жеке орындардың немесе жалпы мәлімделген құндылығы | Арақашықтығы ____ км | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Тасу ақысы | | Жарияланған құндылығы үшін | | Темір жол тораптарында тапсыру үшін алым (№5 ТР) | |
| | | | | теңге | тиын | теңге | тиын | теңге | тиын |

Орындар жиынтығы ___________________________________________
№ чек
_____________________________
(сөзбен)
______________________________________________________________
алынды
(сөзбен)

Жөнелту стансасының __________________________________________
________
багаж орамасының кемшіліктері туралы белгілері __________________
____

"___"________20__ж. Сериясы

| | |
|---|---|
| (стансаның күнтізбелік мөрқалыбы) | *Багаж кассирі*______________ (қолы) |

## ТАСЫМАЛДАУ ҚАҒИДАСЫНАН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

1. Багаж тағайындалған стансасында багаж квитанциясын ұсынушыға беріледі, бұл ретте квитанция қайтарып алынады.

2. 30 күн ішінде (келген тәулігін санамағанда) талап етілмеген багаж өткізу үшін сауда ұйымдарына беріледі.

3. Багаждың құндылығын жариялау ұсынылады. Егер багаждың құндылығы жарияланбаса, онда оның жоғалтылуы үшін оның орнын толтыру салмағының әр килограмы үшін белгіленген төлем мөлшерінде жүргізіледі.

4. Соның ішінде багаж тағайындалған стансасына келмегенде, ал оны жеткізу мерзімі аяқталғанда, багаж иесі оны басқа стансаға қайта жөнелтуді талап ете алады. Багаж иесі станса бастығына багажды қайта жөнелту туралы өтініш беруі тиіс.

5. Багаж вагонынсыз келе жатқан поезда жол жүріп келе жатқан жолаушылардың багажы багаж вагоны бар тиісті бағыттағы бірінші поезда немесе почта-багаж поезында жөнелтіледі.

6. Велосипедтерді, мотоциклдерді, мопедтерді және т.с.с. қабылдаған кезде багаж квитанциясында міндетті түрде олардың зауыттық нөмірі, маркасы және олардың қандай жарақтары (сорғысы, фонары, сөмкесі және т.с.с.) бар екендігі көрсетіледі.

7. Багажды жеткізу мерзімін бұзғаны үшін темір жол әр тәулік үшін тасу ақысының 10 пайызы мөлшерінде, бірақ тасу ақысының 90 пайызынан жоғары емес айыппұл төлейді. Айыппұл төлеуді жолаушының талап етуі бойынша жасалған акті негізінде багажды берген кезде тағайындалған стансасының бастығы жүргізеді.

8. Ақысыз сақтау уақытын санамағанда, келген багаждың сақталғаны үшін тәулігіне орын үшін белгіленген төлемнің мөлшерінде алынады.

---

**Стансаның багажды қайта жөнелту туралы белгісі:**

"Багаждың уақтылы келмеуі себепті оны ____________________ стансасына дейін қайта жіберу туралы өтініш".

"___"________20__ж.

| | |
|---|---|
| (стансаның күнтізбелік мөрқалыбы) | *Станса бастығы* ______________ |

(қолы)

**Багажды беру туралы белгілер**

| |
|---|
| (стансаның күнтізбелік мөрқалыбы) |

**Багаждың келмеуі туралы белгі**

27 КЗХ **БАГАЖ ЖОЛ ТІЗІМДЕМЕСІ** СЕРИЯСЫ

№______ поезд "___" _________20__ж.

Жөнелту стансасы, станса коды ____________________________________

(айқын мөрқалыбы)

Тағайындалған стансасы, оның коды, жолы ________________________

(анық жазу қажет)

__________________________________________ арқылы №____ маршрут

(жүру маршрутын көрсету қажет)

Жөнелтуші ______________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты және мекен-жайы)

Алушы және оның мекен-жайы ____________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты және мекен-жайы)

Ұсынылған билеттердің № _______________________________________

Жарияланған құндылығы _________________________________________

(жалпы) (сөзбен)

Арақашықтығы ____ км

ЛУ-12

| Орын саны | Орама түрі | Салмағы | Жеке орындардың немесе жалпы мәлімделген құндылығы | Тасу ақысы | | Жарияланған құндылығы үшін | | Темір жол тораптарында тапсыру үшін алым (№ 5 ТР) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | теңге | тиын | теңге | тиын | теңге | тиын |

Орындар жиынтығы ________________________________________ № чек

____________________________

(сөзбен)

__________________________________________________________

алынды

(сөзбен)

Жөнелту стансасының ________________________________________

_______

багаж орамасының кемшіліктері туралы белгілері __________________

___

(стансаның күнтізбелік мөрқалыбы)

(стансаның күнтізбелік мөрқалыбы)

Келуі туралы белгі:

Келу кітабының реттік №__________

БАГАЖДЫ ҚАЙТА ТИЕГЕН СТАНСАЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

(тағайындалған стансаның күнтізбелік мөрқалыбы)

| КЕЛУІ (күнтізбелік мөрқалыбы) | ЖӨНЕЛТІЛУІ (күнтізбелік мөрқалыбы) |
|---|---|
| 1 | 1 |
| 2 | 2 |
| 3 | 3 |

Қосымша: 1 _______________________________________________________

2 _______________________________________________________

3 _______________________________________________________

БАГАЖДЫ БЕРУ ТУРАЛЫ БЕЛГІ

(стансаның күнтізбелік мөрқалыбы)

Қолы____________________

27 КЗХ **БАГАЖ КВИТАНЦИЯСЫНЫҢ ТҮБІРТЕГІ** СЕРИЯСЫ

№______ поезд "___" _________20__ж.

Жөнелту стансасы, станса коды ________________________________

____

(айқын мөрқалыбы)
Тағайындалған стансасы, оның коды, жолы _______________________
____
(анық жазу қажет)
_________________________________ арқылы №____ маршрут
(жүру маршрутын көрсету қажет)
Жөнелтуші _____________________________________________________
______
(тегі, аты, әкесінің аты және мекен-жайы)
Алушы және оның мекен-жайы ___________________________________
______
(тегі, аты, әкесінің аты және мекен-жайы)
Ұсынылған билеттердің № _______________________________________
_____
Жарияланған құндылығы ________________________________________
______
(жалпы) (сөзбен)

ЛУ-12

| Орын саны | Орама түрі | Салмағы | Жеке орындардың немесе жалпы мәлімделген құндылығы | Арақашықтығы ____ км | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Тасу ақысы | | Жарияланған құндылығы үшін | | Темір жол тораптарында тапсыру үшін алым (№5 ТР) | |
| | | | | теңге | тиын | теңге | тиын | теңге | тиын |

Орындар жиынтығы ____________________________________________
_ № чек
______________________________
(сөзбен)
_______________________________________________________________
алынды
(сөзбен)
Жөнелту стансасының ___________________________________________
______
багаж орамасының кемшіліктері туралы белгілері __________________
__
(стансаның күнтізбелік мөрқалыбы)

(стансаның күнтізбелік мөрқалыбы)

Жолаушыларды, багажды,
жүк-багажды, жүктерді
тасымалдау туралы және тасымалдау
кезінде
жылжымалы құрамды пайдалану
туралы есептілікті
есепке алуды жүргізу мен беру
қағидасына
3-қосымша

27 КЗХ

Пошта вагонының жол жүрісіне
КВИТАНЦИЯСЫНЫҢ ТҮБІРТЕГІ
КОРЕШОК КВИТАНЦИИ на пробег почтового вагона СЕРИЯ

<table>
<tr><td rowspan="6">Ф. № ЛУ – 12-п</td><td>Поездың<br>№<br>поезда</td><td rowspan="2">Образец<br>Үлгі<br>(Жөнелту станциясының күнтізбелік мөрқалыбы)<br>(Календарный штампель станции отправления)</td><td>Пошта вагонының №<br>№ почтового вагона</td><td>Осьтердің саны<br>Колич. осей</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Жөнелту<br>станциясы<br>Станция<br>отправления</td><td colspan="2">Келу станциясы<br>және жолы<br>Станция и дорога<br>назначения</td></tr>
<tr><td colspan="2">Через арқылы</td><td colspan="2">Маршруттың №<br>Маршрут</td></tr>
<tr><td colspan="4">№ ___пошта бөлімшесінің Квитанцияның түбіртегі станциямен<br>өтінімі (наряд) ФО-3а есебі кезінде НФ ұсынылады<br>Заявка (наряд) Корешок квитанции представляется<br>почтового отделения №___ станцией в НФ при отчете ФО-3а</td></tr>
<tr><td colspan="4">Тасымалдау үшін төлем Багаж кассирі _______________<br>орталықтандырылған тәртіппен (қолы)/(подпись)<br>Оплата за перевозку централизованным порядком Багажный кассир</td></tr>
</table>

27 КЗХ
Пошта вагонының жол жүрісіне
КВИТАНЦИЯ
на пробег почтового вагона СЕРИЯ

<table>
<tr><td rowspan="6">Ф. № ЛУ – 12-п</td><td>Поездың<br>№<br>поезда</td><td rowspan="2">Образец<br>Үлгі<br>(Жөнелту станциясының күнтізбелік мөрқалыбы)<br>(Календарный штампель станции отправления)</td><td>Пошта вагонының №<br>№ почтового вагона</td><td>Осьтердің саны<br>Колич. осей</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Жөнелту<br>станциясы<br>Станция<br>отправления</td><td colspan="2">Келу станциясы<br>және жолы<br>Станция и дорога<br>назначения</td></tr>
<tr><td colspan="2">Через арқылы</td><td colspan="2">Маршруттың №<br>Маршрут</td></tr>
<tr><td colspan="4">№ ___пошта бөлімшесінің Квитанция пошта<br>өтінімі (наряд) бөлімшесіне тапсырылады<br>Заявка (наряд) Квитанция вручается<br>почтового отделения №___ почтовому отделению</td></tr>
<tr><td colspan="4">Тасымалдау үшін төлем Багаж кассирі _______________<br>орталықтандырылған тәртіппен (қолы)/(подпись)<br>Оплата за перевозку централизованным порядком Багажный кассир</td></tr>
</table>

27 КЗХ
Пошта вагонының жол жүрісіне
ЖОЛ ТІЗІМДЕМЕСІ
ДОРОЖНАЯ ВЕДОМОСТЬ на пробег почтового вагона СЕРИЯ

<table>
<tr><td rowspan="7">Ф. № ЛУ – 12-п</td><td>Поездың<br>№<br>поезда</td><td colspan="2" rowspan="2">Образец<br>Үлгі<br>(Жөнелту станциясының күнтізбелік мөрқалыбы)<br>(Календарный штампель станции отправления)</td><td>Пошта вагонының №<br>№ почтового вагона</td><td>Осьтердің саны<br>Колич. осей</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Жөнелту<br>станциясы<br>Станция<br>отправления</td><td colspan="3">Келу станциясы<br>және жолы<br>Станция и дорога<br>назначения</td></tr>
<tr><td colspan="3">Через арқылы</td><td colspan="2">Маршруттың №<br>Маршрут</td></tr>
<tr><td colspan="5">№ ___пошта бөлімшесінің Жол тізімдемесі жол журу барысында бірге журу<br>өтінімі (наряд) үшін пошта вагонының бастығында тапсырылады<br>Заявка (наряд) Дор. ведомость вручается начальнику почтового<br>почтового отделения №___ вагона для сопровождения на всем пути следования</td></tr>
<tr><td colspan="5">Тасымалдау үшін төлем Багаж кассирі ______________<br>орталықтандырылған тәртіппен (қолы)/(подпись)<br>Оплата за перевозку централизованным порядком Багажный кассир</td></tr>
</table>

Жолаушыларды, багажды,
жүк-багажды, жүктерді
тасымалдау туралы және тасымалдау
кезінде
жылжымалы құрамды пайдалану
туралы есептілікті
есепке алуды жүргізу мен беру
қағидасына
4-қосымша

27 КЗХ **ЖҮК-БАГАЖ КВИТАНЦИЯСЫ** Сериясы

№ ______ поезд _______________20__ж.
(жөнелтілген күні)
Жөнелту стансасы __________________

**ТАСЫМАЛДАУ ҚАҒИДАСЫНАН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ**

1. Тағайындалған станса жүк-багаждың келгені туралы алушыға телефон арқылы немесе тапсырысты хатпен (ашық хатпен) хабарлауға міндетті. Хабарлама үшін қолданыстағы қағидаларға сәйкес алым алынады.
2. Жөнелтуші тез бүлінетін жүкті алуға келу уақыты туралы алушыны хабардар етуге міндетті.

(айқын мөрқалыбы)
Тағайындалған стансасы, жолы _______
(анық жазу қажет)
___________________ арқылы №_______
(жүру маршруты) маршрут
Жөнелтуші және оның мекен-жайы _____________________________ _______
(Т.А.Ә., ұйымның атауы және ____________________________________
почталық мекен-жайы)
Алушы және оның мекен-жайы _________________________________ ___
(Т.А.Ә., ұйымның атауы және ____________________________________
почталық мекен-жайы)
Жарияланған құндылығының жалпы сомасы _____________________________
(сөзбен)

3. Мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың атына келген жүк-багаж сенімхат бойынша жүк-багажды алуға уәкілеттенген тұлғаның жеке басының құжатын ұсынуы арқылы беріледі. Жеке тұлғалардың атына келген жүк-багаж алушыға немесе оның сенімхаты бойынша басқа тұлғаға төлқұжатын немесе оны ауыстыратын басқа құжатты ұсынуы арқылы беріледі.

4. Тағайындалған стансасына келген жүк-багаж 24 сағат ішінде ( жүк-багажды түсірген күнді санамағанда) ақысыз сақталады. Әрі қарай сақталуы үшін белгіленген төлем алынады.

5. Хабарлама жіберілген соң тағайындалған стансасында 5 тәулік ішінде талап етілмеген жүк-багаж белгіленген тәртіппен тиісті ұйымдарға тапсырылуға жатады.

6. Алушы жүк-багажды алған кезде оның салмағын тексеруді талап етуге құқылы. Станса жүк-багаж салмағын тексеру үшін тарифпен көзделген алымды алады.

| Орын саны | Орама түрі | Жүктің атауы | Іс жүзіндегі салмағы | Жеке орындардың немесе жалпы жарияланған құндылығы | Арақашық.____км<br><br>Алынды теңге тиын |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1. Тасу ақысы………<br>2. Жарияланған құндылығы үшін………<br>3. Т.ж. тораптарында тапсыру үшін алым<br>(ТР №5) ………<br>4…………… |
| Орындар жиынтығы______________________ (сөзбен) | | | | | Барлығы.. |

___________________________________ алынды
(сөзбен)
№ ___________________________________ чек
Жүк-багаж орамасының кемшіліктері туралы __________
жөнелту стансасының белгісі ______________

"___"________20__ж.

Сериясы
*Багаж*
*кассирі* ______________
*(қолы)*

(жөнелту стансасының
күнтізбелік мөрқалыбы)
ЛУ №12-б-98-

27 КЗХ **ЖҮК-БАГАЖ**
**ЖОЛ ТІЗІМДЕМЕСІ** Сериясы

Келуі туралы белгі:
Реттік №__
Келу кітабы

(тағайындалған стансасының күнтізбелік мөрқалыбы)

№ ______ поезд _______________20__ж.
(жөнелтілген күні)
Жөнелту стансасы ___________________
(айқын мөрқалыбы)
Тағайындалған стансасы, жолы _______
(анық жазу қажет)
_____________ арқылы №__ маршрут
(жүру маршруты)
Жөнелтуші және оның мекен-жайы _______________________________________
(Т.А.Ә., ұйымның атауы және
_____________________________________
почталық мекен-жайы)
Алушы және оның мекен-жайы ____________________________________
(Т.А.Ә., ұйымның атауы және
_____________________________________
почталық мекен-жайы)
Жарияланған құндылығының жалпы
сомасы ______________________________
(сөзбен)

Қосымша: 1. ______________________
2. _______________________
3. _______________________

**Алушының қолхаты**
Жүк-багаж жол тізімдемесінің бет жағында аталған жүк-багаж бір жолғы немесе тұрақты (керек емесін сызып тастауы қажет) №___ от _________20__ж. сенімхат бойынша
________________________20__ж.
үшін
_________20__ ж. алдым
*(қолы)*
Жеке басының құжаты №_____ __
______ қаласы
_______ көшесі №___ үй №____
пәтер
Алушының мекен-жайы ______ көшесі
№_________ үй №____________
пәтер
Беру туралы белгі

(жөнелту стансасының
күнтізбелік мөрқалыбы)

| Орын саны | Орама түрі | Жүктің атауы | Іс жүзіндегі салмағы | Жеке орындардың немесе жалпы жарияланған құндылығы | Арақашық.____км<br>Алынды | теңге | тиын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

| | |
|---|---|
| Орындар жиынтығы______________________<br>(сөзбен) | 1. Тасу ақысы………<br>2. Жарияланған құндылығы үшін……<br>3. Т.ж. тораптарында тапсыру үшін алым<br>(ТР №5) ………<br>4……………<br><br>Барлығы.. |

___________________________________ алынды
(сөзбен)
№ ____________________________________ чек
Жүк-багаж орамасының кемшіліктері туралы __________
жөнелту стансасының белгісі ______________

"___"________20__ж.
Сериясы
Багаж
кассирі ______________
(қолы)

(жөнелту стансасының
күнтізбелік мөрқалыбы)
ЛУ №12-б-98-

27 КЗХ **ЖҮК-БАГАЖ КВИТАНЦИЯСЫНЫҢ** Сериясы

## ТҮБІРТЕГІ

№ ______ поезд _______________20__ж.
(жөнелтілген күні)
Жөнелту стансасы __________________
(айқын мөрқалыбы)
Тағайындалған стансасы, жолы _______
(анық жазу қажет)
_____________ арқылы №___ маршрут
(жүру маршруты)
Жөнелтуші және оның мекен-жайы ____________________________________
(Т.А.Ә., ұйымның атауы және
____________________________________
почталық мекен-жайы)
Алушы және оның мекен-жайы ____________________________________
(Т.А.Ә., ұйымның атауы және
____________________________________
почталық мекен-жайы)
Жарияланған құндылығының жалпы
сомасы _____________________________
(сөзбен)

| | | |
|---|---|---|
| | Жеке орындардың немесе | Арақашық.____км |

| Орын саны | Орама түрі | Жүктің атауы | Іс жүзіндегі салмағы | жалпы жарияланған құндылығы | Алынды | теңге | тиын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1. Тасу ақысы………<br>2. Жарияланған құндылығы үшін……<br>3. Т.ж. тораптарында тапсыру үшін алым<br>(ТР №5) ………<br>4.………… | | |
| Орындар жиынтығы______________________ (сөзбен) | | | | | Барлығы.. | | |

___________________________________ алынды
(сөзбен)
№ _____________________________________ чек
Жүк-багаж орамасының кемшіліктері туралы __________
жөнелту стансасының белгісі ______________

"___"________20__ж.
Сериясы
Багаж
кассирі ______________
(қолы)

Жолаушыларды, багажды,
жүк-багажды, жүктерді
тасымалдау туралы және тасымалдау
кезінде
жылжымалы құрамды пайдалану
туралы есептілікті
есепке алуды жүргізу мен беру
қағидасына
5-қосымша
ГУ-30 нысаны

Үлкен жылдамдықты
ЖОЛ ТІЗІМДЕМЕСІ
Жеткізу мерзімі "___"_____________20__ж. аяқталады.

| Вагонның түрі | Вагонның № | Жүккөтергіштігі | Осьтерінің саны | Келу кітабының № | Тасымалдау санаты |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| | |
|---|---|
| Коды<br>Жөнелту<br>стансасы | Коды<br>Тағайындаған<br>стансасы |
| Жөнелтуші | Алушы<br>Оның мекен-жайы |

| Орын саны | Жүктің атауы | Вагонға тиеудің техникалық нормасы | Жүктің белгіленген массасы, кг-мен | | Тарифтік белгілері:<br>Тобы, позициясы _________<br>Схемасы____________<br>Айрықша тариф № | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жөнелтуші белгілеген | Станса белгілеген | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | _____ км үшін төлемдерді есептеу | теңге |
| | | | | | Тасу ақысы | |
| | | | | | Жолсерік | |
| | | | | | Тоңазытқыш көлік | |
| | ЖИЫНТЫҒЫ | | | | Жылу беру | |
| Жөнелткен кезде өндіріліп алынды _________________ (сомасы сөзбен)<br>Чекпен, қолма-қол ақшамен Тауарлық кассир __________(қолы) | | | | | Жиынтығы<br>Тиеу | |
| Түпкілікті есеп айырысу бойынша төленді ______________(сомасы сөзбен)<br>Чекпен, қолма-қол ақшамен Жүкті алдым "__" күні_______айы 20__ж.<br>20__жылғы _______ № сенімхат бойынша<br>Алушының есеп айырысу шоты №________________________<br>Алушының қолхаты _________________________________<br>Төлқұжатының сериясы _______________№____________________<br>Мекен-жайы: | | | | | Түсіру<br>Таразылау<br>Сақтау, тәулік үшін | |
| | | | | | Барлығы | |
| | | | | | Жөнелткен кезде<br>Берген кезде | |

## Уақыт туралы күнтізбелік мөрқалыптар

| | | | |
|---|---|---|---|
| Толтырылады ____<br>Жөнелту станциясының коды | | | |
| Жүктің нөмірі<br>Массасы, кг-мен<br>Тасу ақысы | Жүкті тасымалдауға қабылдау | Жүктің келуі | Жүкті темір жолдың түсіруі немесе алушының құралдарымен түсіруге беру |
| Толтырылады ________<br>Желілік арақашықтық<br>Әкелу арақашықтығы | **Өту пункттерінің мөрқалыптары (бедерін айқын етіп, қатаң түрде тор нөмірлерінің реті бойынша қойылады)** | | |
| Әкету арақашықтығы<br>Жөнелту стансасы, маршрут нөмірі, маршрут арақашықтығы | 1 | 2 | 3 |
| 4 | 5 | 6 | 7 |
| 8 | 9 | 10 | 11 |

Жолаушыларды, багажды,
жүк-багажды, жүктерді
тасымалдау туралы және тасымалдау
кезінде
жылжымалы құрамды пайдалану
туралы есептілікті
есепке алуды жүргізу мен беру
қағидасына
6-қосымша
ГУ-64 нысаны

____________________ ст.

Келу кітабының № ______________________**жылдамдықты**

| |
|---|
| **жұмыстық емес парк вагондарында тасымалдауға арналған** |
| **ЖОЛ ТІЗІМДЕМЕСІ** |

| Вагондардың түрі | Вагондардың № | Жүккөтергіштігі | Осьтерінің саны | Цистернаның үлгісі | (Кім) берген куәлік бойынша | Берілген күні | Куәлігінің № |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

<table>
<tr><td colspan="5">Тағайындалған стансасы</td></tr>
<tr><td colspan="2">Жөнелтуші</td><td colspan="3">Алушы</td></tr>
<tr><td colspan="2">Есеп айырысу шотының №___________</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Жүктің атауы</td><td>Жалпы массасы</td><td>Тауарлық кассирдің қолы</td><td colspan="2">Тарифтік белгілер:<br>Тобы ____<br>Позициясы _____<br>Схемасы_____</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td rowspan="2">(сөзбен)</td><td>Төлемдерді есептеу<br>___км үшін</td><td>теңге</td></tr>
<tr><td colspan="2">Жөнелткен кезде төленді ________________________ ______________<br>Чек № ____________ Тауарлық кассир ___________ _ (қолы)</td><td>1. Тасу ақысы<br>2. Жолсерік<br>3.</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2" rowspan="2">Берген кезде төленді ___________________________ _______<br>Чек № ____________ Тауарлық кассир ___________ _ (қолы)</td><td rowspan="2">(сөзбен)</td><td>Барлығы</td><td rowspan="2"></td></tr>
<tr><td>Жөнелткен кезде<br>Берген кезде</td></tr>
<tr><td colspan="2">Жүкті 20__жылғы _______айының "__" күні алдым</td><td></td><td>Кірістерді бөлу<br>А) тариф<br>Б) бастапқы және соңғы операциялар</td><td></td></tr>
</table>

(Кім) ___________үшін. 20___жылғы _________ № ______ сенімхат бойынша
Алушының есеп айырысу шотының №________________________
Алушының қолхаты ________________________________
Мекен-жайы:____________________________________________
ГУ–64 нысаны
Жүкті жөнелтуге
қабылдау уақыты _______________________________

## ҚАЙТАДАН ЖІБЕРУ (жергілікті қатынаста)

| Жүк қайтадан жіберілген стансаның атауы | Қайтадан жіберу негіздемесі (жол бөлімшесі өкімінің күні мен нөмірі) | Баратын жері өзгертілген стансаның мөрқалыбы және станса бастығының қолы |
|---|---|---|
| | | |

Жүктің келу уақыты _____________________________

Жүкті беру күні (тағайындалған стансаның мөрқалыбы)

ӨТУ ПУНКТТЕРІНІҢ МӨРҚАЛЫПТАРЫ

ГУ–64 нысаны
__________________ ст.
Келу кітабының №

**______________________жылдамдықты**
**(жүк, үлкен, жолаушы)**
**жол тізімдемесінің**
**ТҮБІРТЕГІ**

| Вагондардың түрі | Вагондардың № | Жүккөтергіштігі | Осьтерінің саны | Цистернасының үлгісі | (Кім) берген куәлік бойынша | Берілген күні | Куәліктің № |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Тағайындалған стансасы | | | | |
| Жөнелтуші | | Алушы | | |
| Есеп айырысу шоты №___________ | | | | |
| Жүктің атауы | Жалпы массасы | Тауарлық кассирдің қолы | Тарифтік белгілер:<br>Тобы _____<br>Позициясы_____<br>Схемасы______ | |
| | | (сөзбен) | Төлемдерді есептеу ___км үшін | теңге |
| Жөнелткен кезде төленді ________________________<br>_<br>Чектің № _______ Тауарлық кассир____________(қолы) | | (сөзбен) | 4. Тасу ақысы<br>5. Жолсерік<br>6. | |
| Берген кезде төленді ___________________________<br>_<br>Чектің № _________Тауарлық кассир___________(қолы) | | (сөзбен) | Барлығы<br>Жөнелткен кезде<br>Берген кезде | |
| Жүктің тасымалдауға қабылданғаны туралы квитанцияны алдым<br>Жөнелткен кезде өндіріліп алынған соманы растаймын<br>Жөнелтуші __________(қолы)<br>Жол жүру куәлігін алдым<br>Жүк жолсерігі_______(қолы) | | | Кірістерді бөлу<br>А) тариф<br>Б) бастапқы және соңғы операциялар | |
| КЕСІЛЕТІН ЖЕРІ | | | | |

ГУ–64 нысаны

**Жүкті жұмыстық емес парк вагондарында тасымалдауға қабылдау туралы**
**КВИТАНЦИЯ**

| Тағайындалған станса | Жүктің атауы | Жалпы массасы |
|---|---|---|
| Арқылы | | |
| Жөнелтуші | | |
| Алушы | | |
| Жөнелткен кезде төленді_______( сөзбен) | | |

Тауарлық кассирдің қолы _________________________

**КЕСІЛЕТІН ЖЕРІ**

Жүкті тасымалдауға қабылдау күні № ________________ вагон
(жөнелту станциясының мөрқалыбы) ________ Вагонның түрі __________
Көтергіш күші __________
Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді
тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде
жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті
есепке алуды жүргізу мен беру қағидасына
7-қосымша
ГУ–38 нысаны
ВАГОН ПАРАҒЫ
ГУ-38а нысаны

